Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная
общественно-политическая газета

жыл 2023 год

20
қаңтар - январь

№3 (64464)

Издается
со 2 августа 1939 года

**Сайт акима Астраханского района:** www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз /www.astrahan.gov.kz

*Құбылмалы геостратегиялық жағдайда және еліміздің алдында тұрған күрделі міндеттерді орындау үшін біздің бірлігіміз бекем, ынтымағымыз берік болуға тиіс. Шынайы демократия әрбір азаматтың ортақ іске белсенді әрі саналы түрде қатысуын білдіреді.*

*Әрқайсыңыз біртұтас Қазақстан халқының ажырамас бөлшегісіз және тұтас ұлттың болашағына ықпал ете аласыз.*

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына үндеуінен**

## «AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

**«Amanat» партиясы Астрахан аумақтық филиалының кезектен тыс ХХХХ-шы конференциясы өтті. Оған аудандық мәслихат хатшысы Мейрам Қожахмет, саяси кеңес мүшелері мен ардагерлер, Астрахан ауданының мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері мен «Жастар рухы» мүшелері қатысты.**





Күн тәртібінде «AMANAT» партиясының Астрахан аумақтық филиалының 2022 жылғы жұмысы және алдағы кезеңге арналған міндеттері туралы; «AMANAT» партиясының Астрахан аумақтық филиалының төрағасын сайлау туралы; «AMANAT» партиясының Астрахан аумақтық филиалының Саяси кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы.

Партияластардың алдында сөз алған партияның Астрахан аумақтық филиалының атқарушы хатшысы Саят Қайыржанов өткен кезеңдегі негізгі жұмыс бағыттарына тоқталды.

Конференция барысында филиалдың жаңа төрағасы да сайланды сонымен, конференция делегаттары ашық дауыс беру арқылы Саят Қайыржановка «Amanat» партиясы Астрахан аумақтық филиалының жаңа төрағасы болып сайлады. Конференцияда «Жастар рухы» жастар қанатының төрайымы болып Зарина Жакенова тағайындалды.

**Өз ақпаратымыз.**

## 16 НОВЫХ ДЕПУТАТОВ: ОЗВУЧЕНЫ ИТОГИ ВЫБОРОВ В СЕНАТ

**Центральная избирательная комиссия подвела итоги выборов депутатов Сената, которые состоялись 14 января, передает корреспондент Tengrinews.kz.**

По данным заместителя председателя ЦИК Константина Петрова, состав 20 избранных сенаторов обновился на 80 процентов.

"Из 20 избранных депутатов: три женщины, 17 мужчин, средний возраст - 53,8 года. Среди избранных четыре действующих депутата Сената - от Алматинской, Жетысуской, Улытауской областей и Шымкента. Пять секретарей областных маслихатов Акмолинской, Актюбинской, Атырауской, Карагандинской и Павлодарской областей, четыре заместителя акимов областей - Восточно-Казахстанской, Западно-Казахстанской, Костанайской, Мангистауской, два акима района Жамбылской и Туркестанской областей, два сотрудника центральных госорганов, один руководитель учебного заведения, один руководитель областного управления и один представитель АО. Обновление 20 мандатов составило 80 процентов", - сообщил Петров на заседании ЦИК.

**Депутатом Сената Акмолинской области избран секретарь Акмолинского областного маслихата Талгат Жунусов.**

Кроме того, на совместном заседании выборщиков избран депутат Сената Парламента от Астаны вместо выбывшего. Депутатом Сената Парламента на срок полномочия депутата Сената Парламента избранных 12 августа 2020 года избран Андрей Лукин.

"14 января 2023 года во всех 20 регионах состоялись совместные заседания выборщиков, на которых проведены выборы Сената Парламента. Во всех регионах на заседаниях был обеспечен кворум. В настоящее время в ЦИК представлены протоколы всех избирательных комиссий областей, городов республиканского значения и столицы. Из них установлено, что выборы состоялись во всех 17 областях страны, а также в городах Астана, Алматы и Шымкент. Всего в списки выборщиков было включено 3167 депутатов маслихатов всех уровней, в избирательные бюллетени были включены 55 кандидатов", - добавил Константин Петров.

## ДАУДЫ ШЕШУДІҢ БАЛАМА ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДАҒЫ ЫНТЫҚМАҚТАСТЫҚ

**Астрахан аудандық сотының төрағасы Дәулетияр Машрапов ауданның кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың және аудандық «Билер кеңесінің» мүшелерінің қатысуларымен «Дөңгелек үстел» өткізді.**





Дөңгелек үстелде сот төрағасы, дауды сотқа дейінгі бітімгершілікке келтіру кезінде қолданылатын заң нормаларын түсіндіріп, тараптарды татуластыру жолындағы ұсыныстарды ортаға салды.

Сонымен қатар дауды шешудің балама тәсілдері аясындағы ынтымақтастықтықта қызмет жасау мақсатында өзара ықпалдаса жұмыс атқару меморандумдарына қол қойылды.

Жалпы медиатор - бұл бітімгер. Бұл - қазақ халқының ұлттық болмысына ең жақын ұғым. Түрмесі болмағын іргесі берік қазақ қоғамында небір даулы мәселелерді екі ауыз сөзбен шешкен дуалы ауыз билер болғанын тарихтан жақсы білеміз. Ендеше, сот жүйесіне бітімгерлік тәсілін енгізу қазақ халқының бүкіл әлемге үлгі етерлік шешендігі мен көсемдігін жаңғыртуға жасалған игі қадамға ат салысқан жандарға сот төрағасы өз алғысын білдірді.

**Астрахан аудандық соты.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Старый Колутон ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ 2023 жылғы 23 қаңтарда сағат 15.00-де Старый Колутон ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өткізу орны: Старый Колутон ауылы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 34, Старый Колутон ауылдық клубының ғимараты.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима Староколутонского сельского округа» сообщает, о проведении собрания местного сообщества Староколутонского сельского округа 23 января 2023 года в 15.00 часов.

Место проведения: село Старый Колутон, улица Бауыржана Момышулы, 34, здание Староколутонского сельского клуба.

---

## ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 23 қаңтарында сағат 15-де жергілікті қоғамдастық жиналысы өтеді.

Жергілікті қоғамдастық жиналысын өткізу орны Жалтыр ауылы, Абылай Хана көшесі, 12 үй "Жалтыр ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ ғимараты

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

23 января 2023 года в 15 00 часов состоится собрание местного сообщества.

Место проведения собрания местного сообщества с. Жалтыр ул. Абылай Хана д. 12 здание ГУ "Аппарата акима Жалтырского сельского округа"

---

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Колутон ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, 2023 жылғы 23 қаңтар күні сағат 15.00 де Колутон ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының жиналысы өтетінін хабарлайды.

Өткізілу орны: Колутон ауылы Кенесары көшесі.6, «Колутон ауылдық округінің әкімнің аппараты» ММ ғимараты.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима Колутонского сельского округа» сообщает, о проведении собрания местного сообщества Колутонского сельского округа 23 января 2023 года в 15.00 часов.

Место проведения: село Колутон, улица Кенесары, 6, здание ГУ «Аппарат акима Колутонского сельского округа»

# 2023 ЖЫЛ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӨМІРІНЕ ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚ ӘКЕЛЕДІ

Зейнетақы мен жәр-демақының және ең төменгі жалақының артуы, ең төменгі күнкөріс деңгейінің өсуі, «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғыр-ту» ұлттық жобаларын жүзеге асыру, жаңа даму бағдарламаларын, 5G байланыс желілерін іске қосу, сондай-ақ шағын қалалар мен ауылдарда интернет сапасын арттыру – Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет іске асырып жатқан осы және басқа да өзгерістер мен бастамалар биыл қазақстандықтардың тұрмыс сапасын жақсартуға игі әсерін тигізетін болады, деп хабарлайды Egemen.kz Премьер-министрдің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Ақшалай кірістерді арттыру. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап республикада ең төменгі жалақы мөлшері (ЕТЖ) 60 000 теңгеден 70 000 теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында мәлімдеді. Еңбек кодексі бойынша жұмыс берушілер ЕТЖ-дан төмен емес деңгейде жалақымен қамтамасыз етуге міндетті екенін ескерсек, барлық салаларда әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1,8 млн-ға жуық жалдамалы қызметкердің ақшалай кірісі өседі.

Жалақы деңгейін белгілеу кезінде ЕТЖ көрсеткішін пайдаланатын ұйымдар да разрядаралық біліктілік жүйесін ескере отырып, басқа санаттағы қызметкерлердің жалақыларын ұлғайту жағына қарай қайта қарайтын болады.

Үкімет дәрігерлердің, мұғалімдердің, бюджет саласының басқа да қызметкерлерінің және өндірістік персоналдың жалақысын кезең-кезеңмен ұлғайтуды көздейтін Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыруды жалғастырады.

# ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ



**EGov.kz порталы мен eGov mobile мобильді қосымшасында мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік төлемдер тағайындау бойынша жаңа қызмет қолжетімді. Енді төлемге өтініш беру үшін көптеген анықтамаларды жинаудың қажеті болмайды.**

Жаңа қызметтің ыңғайлылығы мен артықшылығы - қызметті онлайн алған кезде өтініш беруші туралы барлық деректер мемлекеттік органдардың дерекқорынан автоматты түрде тартылады. Деректерді дұрыс енгізген жағдайда өтініш берушіні растайтын ақпарат экранда көрсетіледі.

Бұған дейін осындай қызмет тек ХҚКО-ларда және медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшелерінде қағаз түрінде көрсетілген, бұл процесс көп уақыт алып, жәрдемақыларды ресімдеу кезінде қолайсыздықтар туғызды.

«ҰАТ» АҚ командасы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қажетті және сұранысқа ие мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бойынша жұмысты жалғастыруда. Бұрын еңбекке жарамсыздық бойынша төлемдерді алу үшін анықтамаларды қағаз түрінде ұсыну керек болатын, қазір қызметті алу процесі жеңілдетілді, пайдаланушыға өз деректерінің дұрыстығын тексеріп, қызметке қол қою жеткілікті. Барлық қажетті ақпарат мемлекеттік органдардың дерекқорынан автоматты түрде тартылады», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

«Еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау» жаңа қызметін пайдалану үшін eGov.kz порталы арқылы пайдаланушылар:

- eGov.kz порталында авторизациядан өту керек;
- басты бетте «Азаматтарға» - «Әлеуметтік қамтамасыз ету» - «Мүгедек адамдарды қолдау» өту керек;
- «Еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау» қызметін таңдайды;
- онлайн қызметке тапсырыс береді;
- ЭЦҚ көмегімен қызметке қол қойып, қызметті онлайн алады.

**Қызмет көрсету мерзімі:**

- 8 жұмыс күні.

Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде) электрондық құжат пен сұрау салудың нәтижесі туралы хабарламамен танысу қажет.

Толық бейне нұсқаулыққа сілтеме: https://www.youtube.com/watch?v=a4TBArmoBWs

Сонымен қатар, дәл осы қызмет eGov mobile мобильді қосымшасында «Жеңілдіктер, жәрдемақылар және зейнетақылар» бөлімінде қолжетімді. Қызметтің нәтижесі eGov Mobile қосымшасының Хабарламалар бөлімінде ұсынылады.

Жаңа қызмет ҚР ЦДИАӨМ Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында жүзеге асты.

**«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.**

# РОЛЬ ОСВЕЩЕННОСТИ В ЖИЗНИ УЧЕНИКА




Освещение имеет важное гигиеническое значение. Хорошее освещение создает благоприятные условия для жизни и деятельности человека. Недостаточное освещение снижает работоспособность и производительность труда, утомляет глаза, способствует развитию близорукости. Перед окончанием школы, большинство учеников имеют плохое зрение. Этому способствует освещенность кабинетов во время школьных занятий. Свет является естественным условием жизни человека, необходимым для сохранения здоровья, зрения и высокой производительности труда. Многочисленные исследования воздействия естественного света на организм человека установили, что свет влияет на разнообразные физиологические процессы в организме, способствует росту, активизирует процессы обмена веществ. Поэтому в помещениях для детей и подростков должны быть созданы оптимальные условия освещения.

Учебные помещения должны иметь естественное освещение. В учебных помещениях следует проектировать боковое левостороннее освещение. Ориентация окон учебных помещений должна быть на южные, юго-восточные и восточные стороны горизонта. Светопроемы помещений оборудуются солнцезащитными устройствами типа жалюзи, тканевыми шторами светлых тонов. В учебных заведениях используют преимущественно люминесцентное освещение. Допускается использование ламп накаливания. Светильники располагаются параллельно светонесущей стене на расстоянии 1,2 м от наружной стены и 1,5 м от внутренней. Классная доска оборудуется софитами и освещается двумя зеркальными светильниками Важность освещенности еще и в том, что по мере роста и развития организма происходит рост глаза, развитие его преломляющей системы, которое заканчивается только к 9-12 годам. Режим освещенности играет существенную роль в регуляции биологических ритмов. В условиях интенсивной освещенности улучшается рост и развитие организма. При плохом или неправильном освещении снижается умственная работоспособность. Величина освещенности помещения определяется застекленной поверхностью окон, их высотой и формой. Лучшим видом освещения является дневное. Вот почему в школах и детских садах так часто моют окна, держат подоконники свободными от цветов и вешают легкие светлые шторы. Даже в дневное время необходимо сочетать естественное освещение с искусственным. При этом следует учитывать, что темные цвета поглощают большое количество световых лучей, в связи с этим окрашивают помещения и мебель в школах, детских дошкольных учреждений в белый цвет и светлые тона,которые обеспечивают отражение световых лучей на70 – 90 %; желтый цвет – на 50%, цвет натурального дерева – на 40 %; голубой на 25 %; светло-коричневый на 15 %; синий и фиолетовый на 10 –11 %.После проведения исследования о влиянии освещенности на зрение учеников сделали следующие выводы: в кабинетах нужно использовать преимущественно люминесцентные лампы. Организация естественного и искусственного освещения должна соответствовать санитарно-гигиеническим нормам. Быстрое ухудшение зрения - один из самых серьезных дефектов современной цивилизации. Астраханское отделение филиала РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» КСЭК МЗ РК могут по заявлению или на договорной основе произвести замеры освещенности.

**А. КУЗЕНБАЕВА, лаборант Астраханского НЦЭ.**

# ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕК – ӘЖЕПТӘУІР КӨМЕК

Бұл өмірде жұмыр басты пенденің алдында не күтіп тұрғаны белгісіз. Күтпеген жағдайдың қай жақтан кезігерін білмейсіз. Бірі қуанышымен бөліссе, енді бірі тағдырдың теперішіне ұшырап, денсаулығы сыр беріп, қиындыққа душар болуы мүмкін. Десек те ауруға шалдыққандарға қолұшын созуды мемлекетіміз ұмыт қалдырған емес. Соған сәйкес жыл сайын мемлекет тарапынан қомақты қаражат бөлініп, тегін дәрі-дәрмек таратылады.Елімізде, оның ішінде ауданда тегін дәрі-дәрмек алуға мұқтаж жандар қатары аз емес. Әйтсе де, сол тегін дәрі-дәрмек кімге және қалай беріледі? Осы сауал төңірегінде сала маманына сауалымызды жолдаған едік.

Елімізде белгіленген санат бойынша кейбір азаматтар тегін медициналық көмек алып, дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі. Нақты диагнозы бойынша дәрілерді тегін және жеңілдікпен алуға мүмкіндігі бар.

– Тегін дәрі-дәрмектермен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 23 қазан 2020 жылғы №149/2020 бұйрығына сәйкес, диспансерлік есепке алынған назалогиялар бойынша динамикалық бақылауды қажет ететін тұрғындарға және Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекеленген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 5 тамыз 2021 жылғы №75 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Тегін дәрі-дәрмекті алу үшін әрбір дені сау азамат жылына 1 рет профилактикалық тексеруден және скринингтен өтіп, ағзаларында қандай да бір ауытқулар болған жағдайда, әрі қарай толық тексеріліп, ҚР ДСМ №149 бұйрығына сәйкес, диспансерлік бақылауға алынуы тиісті. Диспансерлік бақылаудағы әрбір тұрғын ҚР ДСМ №149 бұйрығы бойынша жылына 1 немесе 2 рет динамикалық бақылауда болуы тиісті. Тар буынды мамандар кеңесімен дәрі-дәрмектері коррекция жасалып тұру қажет,– дейді Арал ауданаралық ауруханасы бас дәрігерінің бастапқы медициналық санитариялық көмек жөніндегі орынбасары Лаура Әділбаева.

Дәрігердің айтуынша, тегін дәрі-дәрмектер алу үшін, өзі бекітілген емхана бойынша жалпы тәжірибелік дәрігері қабылдауына жазылып және қабылдауда болуы қажет. Дәрі-дәрмектерді ай сайын әрбір азамат өзі барып алуға тиісті. Өткен жылы 12930 ересек адамдар мен 18 жасқа дейінгі 5516 жасөспірім тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіліпті.

– Денсаулық сақтау министрлігінің арнайы бұйрығымен бекітілген "тегін медициналық қызметтің кепілдендірілген көлемі" шеңберінде диспансерлік есепте тұратын науқастарға, әсіресе, жүректің ишемиялық ауруы, қант диабеті секілді аурулар бойынша тегін дәрілер берілуде. Сонымен бірге МӘМС арқылы да ересектер мен балалардағы жоғарғы тыныс жолының қабынуы, пневмония, анемия секілді бірқатар ауруларға тегін дәрілер қарастырылған, – дейді дәрігер Лаура Жанысқызы.

Ал дәрілік препараттарға көбіне қандай ауруға шалдыққандар мұқтаждық танытатыны жөнінде дәрігер Л.Әділбаева:

– Ауданда тегін дәрі таратылатын науқастар саны жыл сайын артып келеді. Оның көпшілігі балалар. Оларға қан аздығы, тыныс алу жолдары, қант диабеті, ана мен бала қобдишасы, нәресте тағамы беріледі. Ал диспансерлік есептегі ересектер буын артриті, өкпе, қолқаның созылмалы ауруы, бронх демікпесі, жүрек ишемиясы, артериалды гипертензия, қан аздық, диффузды зоб, асқазан жарасы, бүйрек аурулары, онкологиялық, туберкулезге шалдыққандар тегін дәріні тұрақты түрде алып отыр, – деді.

Оны қалай алуға болады?

Ең біріншіден, емделуші тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаға тіркеуде тұруы тиіс. Және диспансерлік есепке тұрып, учаскелік дәрігерге уақытымен қаралуы керек. Дәрігер



айына бір рет тегін дәріге рецепт жазып береді. Емделуші тек бұйрықпен бекітілген дәрі-дәрмектерді ғана тегін ала алады.

Дәрі бағасы шарықтаған уақытта емханалар тарапынан берілетін тегін дәрілер талай жанға әжептәуір көмек болары сөзсіз. Мәселен, қала тұрғыны, Абай ауылдық емханасының қызмет алушысы О.Сабақова жүрек ауруына байланысты тегін дәріні тұрақты түрде алып келеді.

– Науқастарға ай сайын берілетін дәріні уақытылы алып отырмын. Расында үкіметтен берілетін көмектен құр қалғым келмейді. Сондықтан мемлекет жасаған қамқорлықты назарға алып, тұрақты алып отырғанның ешқандай айыбы жоқ. Осы ретте дертіне шипа іздеген науқастарға қол ұшын созып отыратын жандарға алғысымды білдіремін, – деді.

**К. МАХСҰТ.**

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

# ПЕДАГОГ С БОЛЬШОЙ БУКВЫ



**Педагог, настоящий учитель — не тот, кто тебя постоянно воспитывает, а тот, кто помогает тебе стать самим собой. Учитель не тот, кто учит чему-либо, а тот, кто помогает раскрыть своему ученику то, что ему уже известно. Одной из самых уважаемых и одновременно трудных считается работа педагога. Для детей учитель является значимой фигурой, обязанной обучать не только школьным премудростям, но и жизненным. Хороший наставник может найти подход к каждому ребёнку, увлечь своим предметом, научить уважать своих одноклассников. В дружном классе, где классный руководитель прислушивается к мнению учеников, учиться намного комфортнее. Учитель должен быть артист, художник, горячо влюблённый в своё дело. Все эти слова можно адресовать педагогу Камышенской Средней школы Островской Людмиле Владимировне.**

В селе Красногвардейский, в 1958 году, в семье Арчакова Владимира Семеновича и Екатерины Евсеевны родилась дочь Людмила. В дружной семье воспитывались двое детей. Людмила была старшей. Родители были обычные труженики и уважаемые люди в селе. Владимир Семенович был бригадиром полеводческой бригады, Екатерина Евсеевна всегда старалась быть рядом с супругом. Работали вместе в поле. Вместе справлялись с любой, иногда и сложной для женщины, работой. Поэтому с детства детям в семье прививалось трудолюбие, доброта, честность и порядочность. В 1965 году, в 7 лет, Людмила пошла в школу. Закончив здесь 8 классов, уехали в город Волгоград. Там, закончив 9 классов, вернулись в совхоз Астраханский, где и закончила10 классов средней школы. В 1975 году поступила в Целиноградский Государственный Педагогический институт на математический факультет. В 1979 окончив институт, по распределению, направляется на работу учителем математики в среднюю школу села Камышенка. В дружно педагогическом коллективе Людмилу Владимировну знают и ценят как требовательного, ответственного, но и в то же время доброго, чуткого и внимательного педагога. Ученики ценят как отличного, доброго, душевного и заботливого наставника, активного организатора и учителя с большой буквы. За годы работы в школе, Людмила Владимировна была классным руководителем шести классов выпускников. Принимала активное участие в жизни села и школы. Участвовала в педагогических семинарах и съездах. Принимала активное участие в конкурсах художественной самодеятельности, защищая честь школы и села Камышенка. Имеет множество наград районного и областного значения.

Здесь же в селе вышла замуж. Со своим супругом, Островским Владимиром Францевичем, прожили 43 года счастливой семейной жизни, воспитали двоих сыновей. А сейчас, выйдя на заслуженный отдых, бабушку и дедушку радуют уже 4 внука. Мы от всей души поздравляем Людмилу Владимировну с днем рождения! Желаем семейного счастья, крепкого здоровья, удачи во всех начинаниях и мирного неба над головой!

*Ваша молодость старше стала*
*Не от возраста только, нет!*
*65 – это лишь начало*
*Ваших чаяний и побед.*
*65 – золотая осень*
*65 –это мудрость лет*
*Пусть родные всегда*
*вас возносят*
*И подарят вам роз букет!*
*С днем рожденья мы*
*вас поздравляем,*
*Счастья в жизни*
*большого желаем*
*Светлых дней и улыбок букет*
*Не болеть, не стареть*
*много лет.*

**Галина КВАПИШ,**
**Ирина ЗАДОРОЖНАЯ.**

# СЕМИНАР «ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ»

**На днях в селе Астраханка в КГУ «Центр детско-юношеского творчества» специалистами отдела образования и сотрудниками ОЧС был проведен семинар для учащихся юношей 11 классов и их родителей.**



В начале мероприятия педагогом дополнительного образования А. Жахиной всем участникам семинара была проведена экскурсия по музею с. Астраханка. Посетителям была рассказана история людей стоявших у истоков образования села. О земляках, которые достойно воевали, защищая свою Родину на фронте, отстаивая нашу свободу и мирную жизнь. О подвигах первоцелинников, которые поднимали и строили наши села и города.

После сотрудники ОЧС в просторном зале ознакомили ребят с полным обмундированием пожарного. Показали порядок одевания защитного костюма, подробно описали назначение каждого элемента обмундирования и их функции.

Также ребятам были рассказаны нормативы времени одевания всех защитных средств, вес всего обмундирования и порядок применения каждого элемента в практике. Рассказали сотрудники также и об угрозе невыполнения техники безопасности для пожарных или медлительности, т.к. во время пожара время идет на секунды. И от действий пожарных зависит чья-то жизнь.

В продолжении семинара, в актовом зале, ребята и их родители заслушали доклад руководителя отдела образования П. Барахоевой о военно-патриотическом воспитании учащихся школ Астраханского района, в котором было подробно рассказано о проводимой работе с молодежью.

Далее с информацией о проф. ориентационной работе для поступления в Академию Гражданской защиты им. Малика Габдулина МЧС РК выступил А.Сералиев, майор гражданской защиты, начальник отдела по ЧС Астраханского района.

Также о личном опыте обучения в университете ребятам рассказал лейтенант гражданской защиты, старший дознаватель ОЧС Астраханского района ДЧС Акмолинской области.

**Ирина МИРНАЯ.**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ КӨРНЕКІ АҚПАРАТ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2022 жылғы қаңтар айында «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Оның ішінде:

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

Мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«1-1» мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасы- түпнұсқаның мағынасы мен мазмұнын өзгеріссіз сақтайтын мәтіннің басқа тілге аудармасы;»;

7 тармақша алып тасталсын;

4) 21-бапта:

Мынадай мазмұндағы бірінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

«Деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндері орфография нормалары және мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасы сақ-тала отырып жазылады.»;

«Мемлекеттік ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де жазылады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың бланкілері мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де жазылады.

Мемлекеттік ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де орналастырылады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады. Қазақстан Республикасында қорғалатын, мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшаларында пайдаланатын тауар белгілері өзгермеген түрінде жазылады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификацияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, жол белгілеріндегі жазбалар мемлекеттік тілде жазылады.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, хабарландырулар, жарнама, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыштар және басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде , қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады.»;

Алтыншы бөліктегі «Көрнекі», «көрнекі» деген сөздер тиісінше «Деректемелер мен көрнекі», «деректемелер мен көрнекі» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 2 тармағында:

Бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын.

«2. Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама (мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды, вақпараттық агенттіктерді қоспағанда) қазақ тілінде, ал жарнама берушінің қалауы бойнша орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де таратылады.»;

Мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жарнама мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.»;

15.2) 23-бап мынадай екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жарнама мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазвқстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс. Жарнама мазмұнының аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауға тиіс.»;

3) 26-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы «қазақ және орыс тілдерінде» деген сөздер «мемлекеттік тілде және орыс тілінде» деген сөздермен ауыстырылсын.

Осы заңда көрсетілген талаптарды толық орындау қажет екенін назарларыңызға саламыз.

**«Астрахан ауданының мәдениет,тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» шағын және орта бизнес өкілдеріне сыртқы жарнама мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің қатесіз сауатты жазылуына тегін консультациялық көмек көрсететіні жөнінде хабарлайды. Телефон номері 2-26-40.**

**Г. ҚАРАСАЕВА,**
**мәдениет, тілдерді дамыту,**
**дене шынықтыру және спорт**
**бөлімінің басшысы.**

# О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В НЕКОТОРЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ВОПРОСАМ ВИЗУАЛЬНОЙ ИНФОРМАЦИИ

В январе 2022 года внесены изменения и дополнения в Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан».

В том числе:

В Закон Республики Казахстан от 11 июля 1997 года «О языках в Республике Казхстан»:

1) в статье 1: дополнить подпунктом 1-1) следующего содержания:

«1-1) аутентичный перевод текста – перевод текста на другой язык, неизменно сохраняющий смысл и содержание оригинала;»;

Подпункт 7) исключить;

2) в статье 3:

В заголовке и части первой слова «Законодательство о языках в Республике Казахстан» заменить словами «Законодательство Республики Казахстан о языках»;

в части второй слова «Законодательство о языках» заменить словами «Законодательство Республики Казахстан о языках»;

4) в статье 21:

дополнить частями первой,третьей, четвертой, пятой, шестой и седьмой следующего содержания:

«Тексты реквизитов и визуальной информации излагаются с соблюдением норм орфографии и аутентичного перевода текста»;

«Бланки государственных организаций излагаются на государственном и русском языках, при необходимости также на других языках.

Бланки негосударственных организаций излагаются на государственном и русском языках, при необходимости также на русском и (или) других языках.

Вывески государственных организаций размещаются на государственном и русском языках, при необходимости также на других языках.

Вывески негосударственных организаций размещаются на государственном языке, при необходимости также на русском и (или) других языках.Товарные знаки, охраняемые в Республике Казахстан, используемые в вывесках негосударственных организаций, излагаются в неизменном виде.

Надписи на дорожных знаках излагаются на государственном языке,если иное не предусмотрено международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан.»;

часть третью изложить в следующей редакции:

«Объявления, реклама, прейскуранты, ценники, меню, указатели и другая визуальная информация размещаются на государственном языке, при необходимости также на русском и (или) других языках, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.»;

Часть шестую после слова «тексты» дополнить словами «и орфографии».

6. В Закон Республики Казахстан от 19 декабря 2003 года «О рекламе»:

1) в пункте 2 статьи 6:

часть первую изложить в следующей редакции:

«2. Реклама на территории Республики Казахстан (за исключением периодических печатных изданий, интернет-ресурсов, информационных агентств) распространяется на казахском языке, а по усмотрению рекламодателя также на русском и (или) других языках.»;

дополнить частью третьей следующего содержания:

«Текст рекламы должен соответствовать требованиям Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан»;

15.2) статью 23 дополнить частью второй следующего содержания:

«Текст рекламы должен соответствовать требованиям закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан». Перевод содержания рекламы не должен искажать ее основной смысл.»

Обращаем ваше внимание, что требования, указанные в настоящем законе, необходимо выполнить в полном объеме.

**«Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта Астраханского района» информирует представителей малого и среднего бизнеса о бесплатной консультационной помощи в безошибочном грамотном написании текстов наружной рекламы и визуальной информации. Телефон 2-26-40.**

**Г. КАРАСАЕВА,**
**руководитель отдела культуры,**
**развития языков, физической**
**культуры и спорта.**

**Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 01 желтоқсандағы «2023 - 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» № 163-VII Заңына сәйкес, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап:**

- зейнетақының ең төмен мөлшері – 53 076 теңге;
- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 24 341 теңге;
- жәрдемақы мен басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3 450 теңге;
- базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін күнкөріс минимумының (КМ) шамасы – 40 567 теңге;
- жалақының ең төмен мөлшері – 70 000 теңге болып анықталған.

2023 жылғы 1 қаңтарынан бастап жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшері 10,5% -ға арттырылады.

2023 жылы жаңадан тағайындалған зейнетақылардың мөлшерін есептеу кезінде ескерілетін ең жоғары табыс 55 АЕК-тен аспауға тиіс (189 750 теңге).

Жасы бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыстың 46 АЕҚ-тен 55 АЕК-ке дейін ұлғаюына байланысты, егер олардың орташа айлық табысы жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу кезінде шектелген жағдайда зейнеткерлердің 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін болған зейнетақылардың мөлшері ұлғайтылды.Бұл ретте 55АЕК шегіндегі кірісті негізге ала отырып есептелген жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері алынатын мөлшерден 10,5%-ға жоғары болуы мүмкін емес.

## 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ТӨЛЕМДЕРДІҢ КӨЛЕМІ АРТТЫРУЫ ТУРАЛЫ



Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес белгіленеді жаңа КМ мөлшеріне пайыздық қатынас. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болған немесе болмаған кезде КМ шамасының 60 пайызы (54 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан асқан әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға ұлғайып, бірақ 100 пайыздан аспайды республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген КМ шамалары. Бұл жаңа және 2023 жылдың 1 қаңтарында өткен зейнеткерлерге қатысты.

Мүгедектік бойынша және асыраушысынан айрылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың; мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы; 1-ші топтағы мүгедекке күтімді жүзеге асыратын адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы КМ мөлшерінің 8,5%-ға өсуіне байланысты 2023 жылғы 1 қаңтарынан бастап арттырылады.

№1 және №2 тізімдер бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың мөлшері; бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы; бала бір жарым жасқа толғанға дейін, оған күтім жасау бойынша мемлекеттік жәрдемақы; арнайы мемлекеттік жәрдемақылар; бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, көпбалалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақы; «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқасымен марапатталған немесе бұған дейін «Батыр ана» атағын алған және «1,2 дәрежелі Аналық Даңқы» орденімен марапатталған, көп балалы аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы АЕК мөлшерінің 8,5%-ға өсуіне байланысты 2023 жылғы 1 қаңтарынан бастап арттырылады.

Барлық сұрақтар бойынша әлеуметтік-еңбек саласындағы байланыс орталығына – 1414 «Азаматтарға арналған үкімет» қызметіне қоңырау шалуыңыз керек (тегін қоңырау).

**«Азаматтарға арналған үкімет»МК» КЕАҚ Ақмола облысы бойынша филиалының әлеуметтік төлемдерді мониторингілеу басқармасы.**

*(теңге)*

| | 2022 ж.01.04. мөлшері | 2023 ж. мөлшері |
|---|---|---|
| зейнетақының ең төмен мөлшері | 48 032 | 53 076 |
| мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері | 20 191 | 24 341 |
| айлық есептік көрсеткіш (АЕК) | 3 180 | 3 450 |
| күнкөріс минимумының шамасы (КМ) | 37 389 | 40 567 |
| жалақының ең төмен мөлшері | 60 000 | 70 000 |

## АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 10-бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 17-1)-тармақшасына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астрахан ауданының № 1- № 11 аудандық сайлау комиссияларының мүшелері қосымшаға сәйкес сайлансын.
2. Аудандық сайлау комиссияларының төрағаларын, төрағалардың орынбасарлардын және хатшыларды сайлау бойынша отырыс өткізсін.
3. Шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Астрахан аудандық мәслихатының төрағасы М. Қожахмет**

*Аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 7С-36-4 шешіміне қосымша*

### САЙЛАУ БОЙЫНША ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТІЗІМІ

**№ 1 сайлау округі**
Петровка ауылы, Абай Құнанбай көшесі 37, «Петровка а. ЖОББМ»
*Ілдебаев Мадияр Төлебайұлы*
*Исабаева Әсел Жалқыбайқызы*
*Толағайқызы Айнұр*
*Альдибекова Светлана Владимировна*
*Земченкова Светлана Ивановна*

**№ 2 сайлау округі**
Первомайка ауылы, Мира көшесі 42, «Первомайка а. ЖОББМ»
*Дембицкий Вячеслав Станиславович*
*Кеңшіліков Ержан Мақсатбекұлы*
*Тернавская Анна Борисовна*
*Свидзинская Ольга Владимировна*
*Решке Лидия Ивановна*

**№ 3 сайлау округі**
Новочеркасское ауылы, Школьный жолағы 1, «Новочеркасское а. ЖОББМ»
*Қажғалиева Арай Кайратқызы*
*Осипова Ирина Александровна*
*Нуралина Лейла Сағыдатқызы*
*Баяндинова Сандігүл Копеевна*
*Ахметова Динара Амангелдіқызы*

**№ 4 сайлау округі**
Зеленое ауылы, Молодежная көшесі 21, «Зеленое а. ЖОББМ»
*Кривенко Регина Акимбаевна*
*Чистякова Татьяна Ивановна*
*Сағынбаева Зауреш Жасұланқызы*
*Коломиец Раиса Николаевна*
*Олейник Наталья Евгеньевна*

**№ 5 сайлау округі**
Астраханка ауылы, № 6 агротехникалық колледжі, «Астраханка а. ЖОББМ»
*Щербинина Свлетлана Владимировна*
*Квинт Наталья Владимировна*
*Баяхметова Үкі Қабденқызы*
*Мырзабаев Марат Қаршығаұлы*
*Жекеева Динара Бейбітқызы*

**№ 6 сайлау округі**
Астраханка ауылы, Аль-Фараби көшесі 64, «Астраханка а. № 2 ЖОББМ»
*Мұхамеджанов Төлебек Алдыжарұлы*
*Сирая Наталья Игоревна*
*Жанабекова Анар Аманжолқызы*
*Амантаева Әсел Серікқызы*
*Зайкенов Шамиль Рамйльевич*

**№ 7 сайлау учаскесі**
Астраханка ауылы, Аль-Фараби көшесі 21, «Астраханка а. № 1 ЖОББМ»
*Кантемирова Елена Николаевна*
*Мадынская Елена Александровна*
*Таласова Айнұр Төлегенқызы*
*Сейтқазина Әсемгүл Табайқызы*
*Қайыржанова Гүлнәр Есентайқызы*

**№ 8 сайлау округі**
Жалтыр ауылы, Лев Гумелев көшесі 26 А, «Жалтыр а. № 1 ЖОББМ»
*Габдуллина Индира Гаптильгалиевна*
*Әбілдин Әрдақ Жанболатұлы*
*Иманкулова Әлия Қуанышқызы*
*Малькова Валентина Сергеевна*
*Усманова Вера Владимировна*

**№ 9 сайлау округі**
Жалтыр ауылы, Женіс көшесі 1 А, «Жалтыр а. № 3 ЖОББМ»
*Сейтжанова Жібек Социалқызы*
*Пословский Геннадий Александрович*
*Қожамжаров Алмас Жұмабекұлы*
*Тупицина Нонна Федоровна*
*Рябоконь Юлия Анатольевна*

**№ 10 сайлау округі**
Жалтыр ауылы, Бейбітшілік көшесі 91, «Жалтыр а. № 2 ЖОББМ»
*Әбенов Дархан Даулетұлы*
*Габдуллина Найля Рафисовна*
*Хисамутдинова Зульфия Габитовна*
*Жанаділова Гүлнәр Мейрамқызы*
*Жүрісова Роза Викторовна*

**№ 11 сайлау округі**
Старый Колутон ауылы, Богенбай Батыра көшесі 2, «Старый Колутон а. ЖОББМ»
*Пидяшова Галина Викторовна*
*Зинченко Ольга Филипповна*
*Болатбек Хайролла*
*Кабдуллина Жанар Серікбайқызы*
*Ысқақ Панат Нигметоллақызы*

## ОБ ИЗБРАНИИ ЧЛЕНОВ ОКРУЖНЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и подпунктом 17-1) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Астраханский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Избрать членов окружных избирательных комиссий №1-№11 Астраханского района согласно приложению.
2. Окружным избирательным комиссиям провести заседание по избранию председателей, заместителей председателей и секретарей.
3. Решение вступается в силу со дня подписания.

**Председатель Астраханского районного маслихата М. Қожахмет**

*Приложение к решению районного маслихата от 16 января 2023 года № 7С-36-4*

### СПИСОК ОКРУЖНЫХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИИ ПО ВЫБОРАМ

**Избирательный округ № 1**
Село Петровка, ул. Абая Кунанбаева 37, КГУ «ООШ с. Петровка»
*Ильдыбаев Мадияр Тюлебаевич*
*Исабаева Асель Жалкибаевна*
*Толағайқызы Айнұр*
*Альдибекова Светлана Владимировна*
*Земченкова Светлана Ивановна*

**Избирательный округ № 2**
Село Первомайка, ул. Мира 42, КГУ «ООШ с. Первомайка»
*Дембицкий Вячеслав Станиславович*
*Кеншиликов Ержан Максатбекович*
*Тернавская Анна Борисовна*
*Свидзинская Ольга Владимировна*
*Решке Лидия Ивановна*

**Избирательный округ № 3**
Село Новочеркасское, пер. Школьный 1, КГУ «ООШ с. Новочеркасское»
*Кажгалиева Арай Кайратовна*
*Осипова Ирина Александровна*
*Нуралина Лейла Сагатовна*
*Баяндинова Сандыгуль Копеевна*
*Ахметова Динара Амангельдиновна*

**Избирательный округ № 4**
Село Зеленое, ул. Молодежная 21, КГУ «ООШ с. Зеленое»
*Кривенко Регина Акимбаевна*
*Чистякова Татьяна Ивановна*
*Сагинбаева Зауреш Жасулановна*
*Коломиец Раиса Николаевна*
*Олейник Наталья Евгеньевна*

**Избирательный округ № 5**
Село Астраханка, ул. Абылайхана 1, Агротехнический колледж № 6
*Щербинина Светлана Владимировна*
*Квинт Наталья Владимировна*
*Баяхметова Уки Кабденовна*
*Мурзабаев Марат Койшигараевич*
*Жакеева Динара Бейбитовна*

**Избирательный округ № 6**
Село Астраханка, ул. Аль-Фараби 64, КГУ «ООШ № 2 с. Астраханка»
*Мухамеджанов Тюлебек Алдыжарович*
*Сирая Наталья Игоревна*
*Жанабекова Анар Аманжоловна*
*Амантаева Асель Сериковна*
*Зайкенов Шамиль Рамильевич*

**Избирательный округ № 7**
Село Астраханка, ул. Аль-Фараби 21, КГУ «ООШ № 1 с. Астраханка»
*Кантемирова Елена Николаевна*
*Мадынская Елена Александровна*
*Таласова Айнура Тулегеновна*
*Сейтказина Асемгуль Табаевна*
*Каиржанова Гульнар Есентаевна*

**Избирательный округ № 8**
Село Жалтыр, ул. Лев Гумелев 26А, КГУ «ООШ № 1 с. Жалтыр»
*Габдуллина Индира Гаптильгалиевна*
*Абильдин Ардак Жамбулатович*
*Иманкулова Алия Куанышевна*
*Малькова Валентина Сергеевна*
*Усманова Вера Владимировна*

**Избирательный округ № 9**
Село Жалтыр, ул. Женис 1А, КГУ «ООШ № 3 с. Жалтыр»
*Сейтжанова Жибек Социаловна*
*Пословский Геннадий Александрович*
*Кожамжаров Алмас Жумабекович*
*Тупицина Нонна Федоровна*
*Рябоконь Юлия Анатольевна*

**Избирательный округ № 10**
Село Жалтыр, ул. Бейбитшилик 91, КГУ «ООШ № 2 с. Жалтыр»
*Абенов Дархан Даулетович*
*Габдуллина Найля Рафисовна*
*Хисамутдинова Зульфия Габитовна*
*Жанадилова Гульнар Мейрамовна*
*Жунусова Роза Викторовна*

**Избирательный округ № 11**
Село Старый Колутон, ул. Богенбай Батыра 2, КГУ «ООШ с. Старый Колутон»
*Пидяшова Галина Викторовна*
*Зинченко Ольга Филипповна*
*Болатбек Хайролла*
*Кабдуллина Жанар Серикбаевна*
*Ысқақ Панат Нигметоллақызы*

# ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

**Этникааралық қатынастар (ұлтаралық қатынастар) сөздің кең мағынасында әр түрлі салаларда – саясатта, мәдениет пен тағы басқа да халықтардың өзара іс-қимылы ретінде түсіндіріледі.**

Бұл этностардың өмір сүруінің материалдық және рухани жағдайлары, олардың қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыру жөніндегі қатынастар. Тар мағынада – бұл әртүрлі ұлттардың тұлғааралық қатынастары, олар да түрлі қарым-қатынас салаларында – еңбек, отбасылық-тұрмыстық, сондай-ақ көрші, достық және басқа да бейресми қарым-қатынас түрлерінде болады.

Ал конфессияаралық қатынастар – бұл конфессиялар (бағыттар) арасындағы да, негізгі әлемдік діндердің ұстанушылары қоғамдастықтарының арасындағы да қатынастар. Қоғамдағы конфессиялар ұсынылған идеология, дін қызметкерлері, бір топ діндарлар, сондай-ақ оларға түсініктпен қарайтын адамдар.

Өткен уақыттарда адамдардың діни қатыстылығы қоғамдық өмірдің маңызды факторы болды, бұл қазіргі әлемде де солай қалып отыр. Конфессиялар мен этностық топтардың алуан түрлілігіне тән қоғамдастықтардың тұрақтылығы конфессияаралық қатынастарға байланысты. Конфессиялар арасындағы келісім – бейбітшілікті сақтау үшін және олардың жайлы өмір сүруіне қажетті шарт.

Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан этникааралық және конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайту стратегиясы демократияны дамытудың әлеуметтік базасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі өзінің өміршеңдігі мен тиімділігін дәлелдеді. Мемлекет бастапқыдан барлық этностар үшін мемлекетті қалыптастыру мүмкіндігін беретін Қазақстанда тұратын халықтардың мүдделерін біріктіру, этностық емес, азаматтық қоғамды қалыптастыру пайдасына таңдау жасады. Кофи Аннан Қазақстан Республикасына сапары кезінде «басқа мемлекеттер үшін ұлтаралық келісімнің, тұрақтылықтың, орнықты дамудың үлгісі» деп атады.



Біздің этносаралық келісім үлгісі көпұлтты қоғамда азаматтық бейбітшілікті іс жүзінде жүзеге асырылған формуласы ретінде өзге мемлекеттерге үлгі ретінде ұсынылған.

Дәл осы Ассамблея біздің мемлекеттік ұлттық саясатымыздың тарихында ғана емес, әлемдік тәжірибеде «ұлттық мәселені» шешуде бірегей модель құрды.

**Қайырбек САДВАКАСОВ,**
**зейнеткер, Николаев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық төрағасы.**

# ЕСІЛ БОЙЫНДАҒЫ ҰМЫТЫЛҒАН ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Соңғы кезде Есіл бойындағы аймақта топонимия мәселесі өте өзекті. Жер-су атауларын қазақшалау үдерісі жүріп жатыр, бірде кемшін соқса, бірде асыра сілтеу кездеседі. Негізгі дау-шар бірнеше мәселеден туындайды:

- Бірінші, XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап бұл өлкеде қазақты ығыстыру, азайту, оның есесіне өзге этнос өкілдерін орнықтыру саясаты жүргізілді;
- Екіншіден, қоныс аударушыларға ең мәйекті, шалғынды, егіншілікке қолайлы, ағашты жерлерді кесіп алу жүргізілді. Қазақ өзінің қоңды жерінен айрылған соң, әсіресе ауқатты әулеттері, кедейленді, қарызға кірді, қайыршыланды.
- Үшіншіден, қазақ меншігін өзге этнос өкілдерінің пайдасына кесіп алумен қатар, ол жерлердің байырғы, төл атауларын ауыстыру жүргізілді. Бұл үдеріс XIX ғасыр соңында басталып, XX ғасыр бойы, яғни жүз жылдан астам уақыт жүргізілді.
- Төртіншіден, кедейлену, қоныс ауыстыру барысында жергілікті тұрғындардың мыңдаған жылдық тарихынан ажырап қалуы заңды. Кедейлену, тек күн көріс қамымен жүру өзіндік және ұлттық сананың төмендеуіне тікелей жол. Осы себептен Есіл бойындағы елдің көпшілігі өз тарихын отаршылдық кезеңінен бастайды. Мысалы, менің қолымда 2020 жылы баспадан шыққан «Тарих тұнған Атбасар» аталатын энциклопедия тұр. Керемет сапалы қағаз, мәтін екі тілде, фотолары қатып тұр. Алдымен «Елбасы», одан кейін Тоқаев, одан кейін Ақмола облысы әкімі, одан кейін Астрахан ауданы әкімі т.б. Атбасар тарихы былай басталады: «Шамамен 1840 жылы Жабай өзенінің жағасында алғашқы жертөле-үйшіктер (избушканы – солай аударған- Ж.А.) салына бастады. Бұл дала жолындағы казак бекінісі еді. Казактар мұнда ауысыммен қызмет ете жүріп, отбасыларымен қоныстана бастады» (30 б.). Одан кейін Совет үкіметі орнады т.б. Бұл кітаптан сіз Атбасардың көне тарихы, ортағасыры, тіпті жанында тұрған Ормамбет ханның ордасы, XX ғасыр басындағы атбасарлық Алаш зиялылары, көпестері, молдалары, мешіттері, алғашқы қазақ-ноғай театры туралы дерек таппайсыз. Сонда бұл кітап не үшін жазылды? Жұртқа Атбасар тарихы 1840 жылы казак-орыс әскери пикеті болып басталғанын айту үшін бе?! Әскери пикетті жазсаңыз, неге Кенесары бастаған ұлт-азаттық соғысын неге жазбайсыз?
- Бесіншіден, тарихты, жер-су атауларын есіне сақтаған бірді-екілі қариялардан аудандардың атқамінерлері, сауаттылары, мұғалімдері еш нәрсе ұғып, жазып қалмаған.

**ЕНДІ АСТРАХАН АУДАНЫ ТУРАЛЫ**

Соңғы жағдай Астрахан ауданына тікелей қатысты. Осыдан екі жыл бұрын Астраханда болғанымда жүзге жақындаған бірді-екілі қария бар еді. Олардың ішінде Төлеген Бұланбайұлын бүкіл Астрахан, Целиноград, Атбасар аудандарының тарихынан, жер-су атауларына қатысты деректердің қазынасы деуге болады. Осы кісілердің білгенін жазып алып қалыңдар деп жанымдағы жергілікті қызметкерлерге жалындым, мұғалімдерге тапсырыңдар дедім. Енді келіп, біз әне-міне деп жүргенде ол қариялар о дүниелік болды, сіз сол кісілермен сөйлесіп едіңіз ғой, бізге материал керек дейді.

Енді соған кірісейік. Астрахан ауданында Ауылдық округтердің саны - 14, елді-мекендердің саны- 36. Осы елді-мекен атауларының біразы даулы. Мысалы ауданда екі Колутон бар, бірі станция Колутон, бірі Жаңа Колутон аталатын ауыл. Қазақша атын қайтару керек пе? Әрине, қазақшасы Қалқұтан! Құтан құстың аты, орыстар – цапля дейді, құтанның бір түрі болса керек. Бұл жағын зоологтар айтар.

Жаңа Колутонның байырғы атауы – Дүбірбай, Қаржас руынан шыққан азамат дейді. Бұл жерде ертеде Ақмола-Атбасар арасындағы пикеттердің бірі болған..

Бірлік, Жаңа Бірлік деген совет атаулары бар. Бірліктің қазақ заманындағы атауы –Толқынкөл. Әдемі атау емес пе?! Біз, әрине, алдымен орыстық, коммунистік атаулардан құтылуымыз керек, сөз жоқ, ал сонымен бірге қанша жерден қазақша болса да ұраншыл совет атауларынан да құтылуды ойлау керек. Деколонизация деген осы!



Петровка деген ауыл туралы дау шығып жатыр. Архив құжаттарына қарағанда 1895 жылы келіп Жыланды деген жерге орналасқан қарашекпендер оны Петровка деп атап жіберген. Жыланды атауын қазақ қайта қабылдамай жатыр дейді. Осы заманның парадоксы. Бауырсақты бір шалақазақтың «Бұл не домалақ?» дегені сияқты жағдай.

Жыланды ата-бабамыз мыңдаған жылдар қасиет көрді. Әлі күнге үйге кірсе ақ құйып шығар дейді. Жылан болған жерде түсті металл болады, жылан алтынды қориды дейді. Жылан – тотем, яғни тұтас бір ру-тайпалар атамыз, киеміз деп басына көтерген киетек. Жыланды жек көрсе жылан текті тайпалардан таяқты көп жегендер жек көреді. Жылан (Змей) тулы Тугар ханды еске түсіріңіз.

Камышинский деген ауыл бар. Аудан орталығынан 40 шақырымдай жерде, Есіл өзенінің сол жағасы. Бұл жердің атауы Балықтыкөл. Тіпті Балықты көл атауы ұнамаса Қамысты деп қоюға болады.

Новочеркасск- аталатын ауыл бар, орыстық-советтік атау. Қазақ бұрын сол жердегі өткелдің атымен «Тас кешу» деген атауды да қолданған. Осы жерде қалмақпен соғыс болып, Тас кешуде қалмақ аттарының тұяғы мүжілген екен дейді. Жалпы осы Новочеркасқа қатысты әңгіме босла маңайдағы қазақ көлдің атымен Шаншар деп сөйлейді.

Шаншар мен Алмас екі ағайынды, Қақсал деген елден делінеді. Кенесары Ақмола бекінісін шапқанда жанында бірге болған дейді. Шаншардың Торы Қыпшақ Таласбай деген батыр досы болған екен. Кенесарыға еріп қырғызға дейін барған, сонда қолға түсіп, кейін сұранып елге келген екен-мыс. Келсе Есіл бойындағы жердің бәрін бөліп қойған, содан досы Шаншарға келеді. Ол Босаға тал, Ботақора, Қара қоға деген жерлерді берген екен дейді.

Осы жерлерде Дөң қала, Ой қала деген жер атаулары бар, Дөңқала Торы Қыпшақ Айтуған, Ой қала Торы Қыпшақ Жарылғап жері дейді. Ой қаласы –Тас кешу босла керек. Орыс алдымен Дөң қаланы алды дейді.

Шаншар маңында ертеде Кіші Тасмола аталатын ерте замандың қасиетті жерлеу құрылысы болған. Үлкен Тасмола деп Целиноград ауданы жерінде қазіргі Қараменді батыр, бұрынғы Семеновканы атайды. Есілдің жағасында екі Тасмоланың да ірге тасы бар, нағыз ескерткіш кешен ашатын сакралды орындар бар. Қазақ Тасмола деп Ерте көшпелілер, яғни Сақ дәуірінің обаларын айтады.

Есіл бойында Таволжан деген ауыл бар. Аудан орталығынан 15 шақырымдай болар. Байырғы атауы Қараоба, Қособа деп те атайды. Шамасы ерте заманның ірі бір қорымы болған, қонысқа ыңғайлы жер. Бұл атаулар кейін бірнеше рет өзгерген- Тайжан деп те атаған, Орнықты деген колхоз атауы да осы Таволжанға қатысты.

Акимовка ауылының нақты қай қыстақтың орнында салынғанын анықтау қиын, бірақ Сарыкөлге жақын, сол себепті Сарыкөл атаса болар еді. Осы жерде ұмытпасам Сары оба деген де жер аты бар. Жалпы қазақтың Қара оба, Сары оба деген атауларының ар жағында сонау Қозы Көрпеш-Баян сұлу заманына, яғни сақ дәуіріне бастайтын үлкен тарих тұрады.

Енді аудан орталығы Астраханға қатысты мәселе. Дәл аудан орталығы тұрған жердің қалай аталғанын анықтай алғанымыз жоқ. Маңында Мендібай деген өзен, Қарабай аталатын көл бар, ертеде Қарабай деген бай осы жерді жайлаған екен. Құлан-Қыпшақ тайпасынан болса керек. Опан, Айтбай, Андас болып тарайды. Айтпайынан Сарықұлан т.б.. Осы көлдің маңына Сандыбайдың алтын ері көмілген деген әңгіме бар, біреулер бұл жерден көшкен уақытында алтын ертоқымын суға тастаған дейді. Анығын енді Алла біледі.

Мен өз басым Астрахан атауына тисудің қажеті жоқ деп санаймын. Әрине, отаршылдық кезеңде келген атау, 1895 жылы қарашекпен Астрахан губерниясы жақтан келген себепті. Бірақ Астрахан мың жылдық тарихы бар атау. «Тұран» деп ұрандап жүрміз ғой, сол ұранға пайдалансақ болады. Астрахан – Ас Тархан деген түркілік атаудан шығады, бұл жерде екі түбір тұр. Бірі –Ас- тым көне заманда үлкен бір тайпа болған, қалдықтары ноғай арасында бар, екінші –Тархан- атауы қазақтың дархан деген сөзі. Ертеде салықтан босатылған қалаларды Тархан деп атайды, елшілік қызметтегі адамдарға да «тархан» атағын береді.

Хмелевка деген қоныс бар, қазақша атауы Томар.

*P.S. Бір постқа осы да жетіп қалар, қалған әңгіме кейінге қалсын*

**Проф. Ж.О.Артықбаев.**

# ЗАДУМАЙТЕСЬ О СВОЕМ ЗДОРОВЬЕ, ДОВОЛЬНЫ ЛИ ВЫ ИМ?

**Выберите пункты, которые Вам наиболее подходят и соблюдайте их каждый день:**

1. Занимайтесь физической культурой хотя бы 30 мин в день. А если у Вас нет на то времени, совершайте пешие прогулки. Желательно пройтись пешком по улице перед сном. Побыть наедине или в компании с приятным собеседником. Спокойно отойти от дневной суеты. Едете в автобусе – выйдите на остановку раньше. Ездите на машине – тогда поднимайтесь на свой этаж без лифта. Старайтесь больше двигаться.






2. Рационально питайтесь. Ешьте больше пищи, содержащей клетчатку и цельные зерна, а меньше – пищу, содержащую сахар и приготовленную из пшеничной муки. Не забывайте об овощах и фруктах. Готовьте пищу на пару, уменьшите употребление животного жира.

3. Избегайте избыточного веса, питайтесь не реже 5 раз в день. При приготовлении пищи используйте низкие температурные режимы и готовьте короткое время. Это позволит сохранить в пище полезные витамины.

4. В течение дня пейте больше воды. Это благотворно скажется на состоянии кожи, позволяя продлить ее молодость. Полноценно наполненные влагой клетки кожи лучше выполняют свои функции.

5. Соблюдайте режим дня. Ложитесь и вставайте в одно и то же время. Это самый простой совет выглядеть красивым, здоровым и отдохнувшим. За два часа до сна откажитесь от просмотра телевизора и от телефона дайте отдохнуть глазам. Лучше почитать книгу перед сном. Чтение помогает организму расслабиться и приготовиться ко сну.

6. Будьте психологически уравновешены. Не нервничайте, ведь нервные клетки восстанавливаются очень и очень медленно. Так что находите везде положительные моменты. Не расстраивайтесь по пустякам. Есть такие мелочи, которые не стоит даже замечать.

7. Закаляйте свой организм. Лучше всего помогает контрастный душ – теплая и прохладная водичка. Не только полезно, но и помогает проснуться.

8. Не курите, не злоупотребляйте алкоголем, ведь это основные факторы, ухудшающие здоровье.

9. Наслаждайтесь прекрасными природными явлениями.

10. Творите добро. Ведь на добро отвечают добром. Оно обязательно к Вам вернется в виде хорошего самочувствия и настроения.

**Ирина МИРНАЯ.**

# ИЗУЧАЕМ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

## ІСКЕРЛІК КЕЗДЕСУЛЕР

**1-тапсырма. Лексикалық минимумды оқып, есте сақтаңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мемлекеттік қызметші | государственный служащий | салық салу органдары | органы налогообложения |
| міндеттер | обязанности | келісімге келу | придти к соглашению |
| отырыс | заседание | мәселелер | проблемы |
| жиналыс | собрание | қол қою | расписаться |
| шешім | решение | келіссөз | прения |
| қаржы бөлу | выделить средства | іскерлік кездесу | деловая встреча |
| тараптар | стороны | қарсылық білдіру | возражать |
| дамыту | развивать | кәсіпкер | предприниматель |

**2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Жалпы мазмұнын айтып беріңіз.**

Бүгін аудандық әкімшілікте «Шағын бизнесті дамыту жолдары» деген тақырыпқа арналған іскерлік кездесу өтті. Отырыста аудан әкімінің орынбасары С.Бахтиберлин, аудандық кәсіпкерлер одағының басшылары, бір топ кәсіпкер мен газет тілшілері қатысты. С.Бахтиберлиннің берген мәліметтерінде аудандағы шағын бизнесті дамыту бағытына арналған нақты шаралар жоспарланатыны көрсетілді. Кездесуге қатысқандаросы мәселеге байланысты өзара пікір алысып, тез арада шешуді талап ететін мәселелерді талқылады. Кәсіпкер К.Ноқатқызы шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлерге нақты қолдау-көмек жасалынбайтынын, кәсіпкерлердің жұмысына заң органдары, салық салу органдары, санэпидстанция т.б. мекемелер кедергі жасайтынынфактілермен дәлелдеп айтып шықты. Кәсіпкерлер одағының басшысы Б.Сейтқалиұлы өз сөзінде осы кездесуге банк қызметкерлерінің қатысуларының қажеттігін, банкте шағын бизнес заңына сәйкес несие алудың қиындығын көрсетті. Кездесу барысында уақытша комиссия құрып, екі айдан кейін осы мәселеге қайта оралу ұйғарылды.

**3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Іскерлік кездесулер кімдердің арасында болады?
2. Іскерлік кездесуге дайындық қалай жасалады?
3. Кездесу барысында тараптар өздерін қалай ұстайды?
4. Кездесуге арнайы киініп барған дұрыс па?
5. Іскерлік кездесуде сөйленетін сөз қандай болу керек?

**4-тапсырма. Сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңіздер.**

1. – Баспасөз конференциясы қашан болады?
2. – Қайда болады?
3. – Ертең сағат 15.00-де.
4. – Ерлан мырза, қала әкімшілігі өзіңізді танымал кәсіпкер ретінде баспасөз конференциясына шақырады. Баспасөз орталығында өтеді.
5. – Қандай мәселелер талқыланады?
6. – Иә, қатыса алады.
7. – Шақырғаныңызға рахмет. Бірақ мен шетелдік әріптестермен келіссөз жүргіземін. Уақытым бос емес. Орынбасарым қатыса алады ма?
8. Шағын бизнесті дамыту жолдары, салық мәселелрі талқыланады.

**5-тапсырма. Төменгі берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.**

Іскерлік кездесу сәтті өтті; бірнеше мәселе қаралды; іссапарға сәтті барып келді; құжаттарға қол қойды; қиын мәселелер шешілген; кездесу барысында мәмілеге келді; өз көзқарасын білдірді; өзара пікір алысты.

# ЗИМУШКА - КРАСАВИЦА

*Творчество читателей*

*Пришла зима, укутав снегом*
*Вокруг уж все белым – бело.*
*Укутав снежным оберегом,*
*Вокруг сугробы намело.*
*Отшумели метели.*
*И крепчает мороз,*
*Вокруг белые ели,*
*Хоровод из берез.*
*В вихре вальса снежинки,*
*Кружат над головой.*
*Нам лесные тропинки*
*Путь укажут домой.*

*Дома рядом у печки,*
*И тепло и светло.*
*Отдохнули немножко,*
*Снег манит все равно.*
*Вот любуемся снова*
*Мы лесною красой.*
*Снова катимся с горки*
*Мы веселой гурьбой*
*Снеговик возле дома*
*Мы слепили большой*
*Не боимся мороза*
*Этой лютой зимой*

*Пусть же*
*Зимушка пуще злится*
*И вокруг крепчает мороз.*
*Только мы его не боимся*
*и хохочем все дружно до слез!*
*Ну не злись красавица!*
*С детьми тебе*
*не справиться*
*Зимние забавушки*
*очень деткам нравятся!*

**Ирина ЗАДОРОЖНАЯ.**

# ПРИТЧА О ДУШАХ

В МИРЕ ЛИТЕРАТУРЫ



*Однажды ребенок спросил у мамы: - «А почему про одних людей говорят, что у него «светлая душа», а про других, что он человек с «темной душой»? Разве в душу можно заглянуть?». На что мама ответила: - « Просто в жизни встречаются люди, которые все светятся изнутри и заражают своей радостью и положительной энергетикой всех окружающих. Это и есть люди со светлой душой. А есть такие люди, которые все время всем говорят о своих проблемах, неприятностях, болезнях, распространяя их на всех, кто рядом. Рядом с ними всем окружающим становится неуютно. Вот про них обычно и говорят, что он человек с темной душой.»*

*- «А как же быть, если тебе постоянно встречаются люди с темной душой?»*

*- «Тогда ты свети и озаряй своим теплом и радостью всех вокруг, чтобы и на людей с темной душой у тебя хватило счастья, доброты и веселья!»*

Твори добро!
Оно всегда вернется!
И на улыбку твою каждый
отзовется.
Поможешь ты –
помогут и тебе
Добро на свете
возвращается везде!
Сумей ты людям
радость подарить,
Чтоб жизнь их грустную
любовью озарить
Однажды радостью
согретый друг
Свое тепло другим
подарит вдруг!

**Ирина МИРНАЯ.**

# ЕСТЬ ЛИ У КОШЕК СОВЕСТЬ?

Иногда поведение кошки настолько ошарашивает, что так и хочется спросить у нее: «А у тебя вообще есть совесть?» Питомец на этот вопрос, конечно, не ответит. Но что скажет наука?

Нет научных исследований, которые однозначно говорят, что кошки обладают совестью. Поэтому совести в нашем человеческом понимании у кошек нет.

Кошки — это разумные существа. Они испытывают эмоции, обладают самосознанием, у них есть ощущение времени.



Однако им доступны не все чувства. Так, кошки, конечно, испытывают радость, грусть, любовь, ревность, страх, однако чувствовать вину, стыд, месть и смущение они не могут. Когнитивные способности животных просто не позволяют им мыслить категориями морали и оценивать, что правильно, а что нет.

Так что, вероятно, совести у кошек нет. И виноватые глазки, которые питомец строит, если сходил мимо лотка или разодрал диван, — это не стыд, а страх гневной реакции хозяина.

*pets.mail. ru*




# ОМЕРТВЕВШИЕ КЛЕТКИ КОЖИ ЯВЛЯЮТСЯ ОСНОВНЫМ КОМПОНЕНТОМ ДОМАШНЕЙ ПЫЛИ

*Вот вам интересный научный факт: по данным исследователей из Имперского колледжа Лондона, люди теряют около 200 миллионов клеток кожи каждый час, и они должны куда-то деваться, когда мы находимся в помещении. Если вам не нравится идея кожной пыли, знайте, что в отчете Американского химического общества говорится, что масло для кожи под названием сквален естественным образом помогает снизить уровень озона в помещении на 15 процентов.*

## ЛИМОНЫ ПЛАВАЮТ, А ЛАЙМЫ ТОНУТ

*Поскольку лаймы плотнее лимонов, они опускаются на дно стакана, в то время как лимоны плавают наверху.*

## РОГОВИЦА — ОДНА ИЗ ДВУХ ЧАСТЕЙ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ТЕЛА, НЕ ИМЕЮЩИХ КРОВЕНОСНЫХ СОСУДОВ

*Роговица — это прозрачная часть глаза, которая покрывает зрачок и другие части глаза. По мнению ученых из Научно-исследовательского института глаза Шепенса при Гарвардском отделении офтальмологии, хрящи и роговица являются единственными типами тканей в организме человека, которые не содержат кровеносных сосудов.*

## НЕКОТОРЫЕ ГРИБЫ СОЗДАЮТ ЗОМБИ, А ЗАТЕМ КОНТРОЛИРУЮТ ИХ РАЗУМ

*Тропический гриб Ophiocordyceps поражает центральную нервную систему муравьев. Пробыв в теле насекомого девять дней, он получает полный контроль над движениями хозяина. Согласно National Geographic, это заставляет муравья взбираться на деревья, затем биться в конвульсиях и падать в прохладную влажную почву внизу, где процветают грибы. Оказавшись там, гриб ждет ровно до солнечного полудня, чтобы заставить муравья откусить лист и дождаться смерти.*

РЕДАКЦИЯҒА ТВ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТЫЛМАЙДЫ

РЕДАКЦИЯ НЕ НЕСЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА ИЗМЕНЕНИЯ ПРОИЗОШЕДШИЕ В ПРОГРАММЕ ТВ

## «ПЕРВЫЙ КАНАЛ «ЕВРАЗИЯ»

**ПОНЕДЕЛЬНИК, 23 ЯНВАРЯ**
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «ЧУЖОЙ ГРЕХ». М/Ф
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 ФИЛЬМ «УСЛОВНЫЙ МЕНТ II»
0:45 М/Ф «НУЛЕВОЙ ПАЦИЕНТ»
1:35 «ДВА ЦВЕТА СТРАСТИ». МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ

**ВТОРНИК, 24 ЯНВАРЯ**
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11:30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12:20 ЛЕГЕНДАРНЫЙ СЕРИАЛ «ЗАКОЛДОВАННЫЙ УЧАСТОК»
13:15 М/Ф «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 ФИЛЬМ «УСЛОВНЫЙ МЕНТ II»
0:45 М/Ф «НУЛЕВОЙ ПАЦИЕНТ»
1:35 «ДВА ЦВЕТА СТРАСТИ». МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ

**СРЕДА, 25 ЯНВАРЯ**
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11:30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12:20 ЛЕГЕНДАРНЫЙ СЕРИАЛ «ЗАКОЛДОВАННЫЙ УЧАСТОК»
13:15 М/Ф «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 ФИЛЬМ «УСЛОВНЫЙ МЕНТ II»
0:45 «НУЛЕВОЙ ПАЦИЕНТ». ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНАЯ СЕРИЯ
1:35 «ДВА ЦВЕТА СТРАСТИ». МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ

**ЧЕТВЕРГ, 26 ЯНВАРЯ**
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11:30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12:25 ПРЕМЬЕРА. «ОРЛИНСКАЯ. ТАЙНА ВЕНЕРЫ»
13:15 М/Ф «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 ФИЛЬМ «УСЛОВНЫЙ МЕНТ II»
0:45 ФИЛЬМ «НУЛЕВОЙ КИЛОМЕТР»
2:10 «ДВА ЦВЕТА СТРАСТИ». МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ

**ПЯТНИЦА, 27 ЯНВАРЯ**
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11:30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12:25 ФИЛЬМ «ОРЛИНСКАЯ. ТАЙНА ВЕНЕРЫ»
13:15 М/Ф «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
21:50 М/Ф «ТАМ, ГДЕ НЕ БЫВАЕТ СНЕГА»
1:25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. «ПРИВОРОТ. ЧЕРНОЕ ВЕНЧАНИЕ»

**СУББОТА, 28 ЯНВАРЯ**
8:10 «ПОЕХАЛИ!»
9:00 «ПРОУЮТ»
9:55 «КИТАЙСКАЯ БАБУШКА»
11:35 «ТАМ, ГДЕ НЕ БЫВАЕТ СНЕГА». М/Ф
15:05 МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ «НОРВЕГ»
18:30 «АЙНА» БАҒДАРЛАМАСЫ.ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
19:00 ПРЕМЬЕРА СЕЗОНА! «X FACTOR».
20:55 М/Ф «МАЧЕХА»
23:00 «X FACTOR». ИТОГИ ГОЛОСОВАНИЯ. ПРЯМОЙ ЭФИР
23:35 «МАЧЕХА». ПРОДОЛЖЕНИЕ
1:00 ФИЛЬМ «ПОСЛЕДНИЙ ВАГОН. ВЕСНА»

**ВОСКРЕСЕНЬЕ, 29 ЯНВАРЯ**
9:00 ФИЛЬМ «ОАЗИС ЛЮБВИ»
10:50 «ҚАЙМАҚ»
11:25 «МАЧЕХА». МНОГОСЕРИЙНЫЙ ФИЛЬМ
14:55 «X FACTOR». ДЕВЯТЫЙ СЕЗОН
17:10 ФИЛЬМ «СЫН»
18:55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20:00 «ГРАНИ». ПРЯМОЙ ЭФИР
21:00 М/Ф «ПРОШЛОМУ МЕНЯ НЕ СЛОМИТЬ»
0:55 «ПОЕМ НА КУХНЕ ВСЕЙ СТРАНОЙ»

## «QAZAQSTAN»

**ДҮЙСЕНБІ, 23 ҚАҢТАР**
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
13:10 «АҚЖАУЫН». ТЕЛЕХИКАЯ.
14:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
15:10 «АРТА». САРАПТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА
16:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 AQPARAT
17:15 «АУЫЛДАСТАР»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
19:00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
21:30 «АҚЖАУЫН». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:30 «БАУЫРЛАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:20 «1001 ТҮН». ҚОҒАМДЫҚ БАҒДАРЛАМА.

**СЕЙСЕНБІ, 24 ҚАҢТАР**
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
11:05 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
13:10 «АҚЖАУЫН». ТЕЛЕХИКАЯ.
14:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
15:00 «ЗИНҺАР»
15:50 «КИЕЛІ QAZAQSTAN»
16:05 «АЙМАН&ШОЛПАН» ТЕЛЕХИКАЯ.
17:05 AQPARAT
17:20 «АУЫЛДАСТАР»
18:05 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
19:05 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:05 AQPARAT
20:40 «ASHYQ ALAŃ».
21:35 «АҚЖАУЫН». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:35 «БАУЫРЛАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:25 «1001 ТҮН». ҚОҒАМДЫҚ БАҒДАРЛАМА.

**СӘРСЕНБІ, 25 ҚАҢТАР**
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
11:05 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
13:10 «АҚЖАУЫН». ТЕЛЕХИКАЯ.
14:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
15:00 «ТҰЛҒА». ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
15:35 «АЛТАЙДЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНДА».
16:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 AQPARAT
17:15 «АУЫЛДАСТАР»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
19:00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «АҚЖАУЫН». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:30 «БАУЫРЛАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:20 «1001 ТҮН». ҚОҒАМДЫҚ БАҒДАРЛАМА.

**БЕЙСЕНБІ, 26 ҚАҢТАР**
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
11:05 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
13:10 «АҚЖАУЫН». ТЕЛЕХИКАЯ.
14:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
15:00 «ТІРШІЛІК». ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
15:30 «ШАҢЫРАҚ»
16:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» ТЕЛЕХИКАЯ.
17:15 «АУЫЛДАСТАР»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
19:00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «АҚЖАУЫН». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:30 «БАУЫРЛАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:20 «1001 ТҮН». ҚОҒАМДЫҚ БАҒДАРЛАМА.

**ЖҰМА, 27 ҚАҢТАР**
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
11:05 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
13:10 «АҚЖАУЫН». ТЕЛЕХИКАЯ.
14:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
16:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 AQPARAT
17:15 «АУЫЛДАСТАР»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
19:00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
22:30 «БАУЫРЛАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:20 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»

**СЕНБІ, 28 ҚАҢТАР**
8:35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
9:25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
10:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
11:00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 «ӘН МЕН ӘНШІ»
14:00 ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ:«ГАРФИЛД». М/Ф
15:15 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
16:25 «НАРТӘУЕКЕЛ».
17:35 «ЖАЙЫЛЫМ ЖЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ».
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
19:00«МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 AQPARAT
20:30 СЕРІК ИБРАГИМОВТЫҢ ӘН КЕШІ
22:30«БАУЫРЛАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:30«КӨКЖАЛДАР». КӨРКЕМ ФИЛЬМ

**ЖЕКСЕНБІ, 29 ҚАҢТАР**
8:20 «AQSAÝYT»
8:45 «МЕЛОМЕН» ТОБЫНЫҢ КОНЦЕРТІ
10:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». ТЕЛЕХИКАЯ.
11:00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:00 ДИСНЕЙ ҰСЫНАДЫ:«ГАРФИЛД». М/Ф
13:10 «МАХАББАТЫМ». СЕРІК ИБРАГИМОВТЫҢ ӘН КЕШІ
15:00 «КӨКЖАЛДАР». КӨРКЕМ ФИЛЬМ
16:35 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
17:25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18:00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 «АРТА».
20:55 «НАРТӘУЕКЕЛ».
22:30 «БАУЫРЛАР». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»

## «ХАБАР»

**ДҮЙСЕНБІ, 23 ҚАҢТАР**
05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ. «КЛУБ ВИНКС: ТАЙНА МОРСКОЙ БЕЗДНЫ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
14:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «АЙНАLINE»
15:00 МЕГАХИТ. «ТАКТИЧЕСКАЯ СИЛА»
17:00 ТЕЛЕВИКТОРИНА. «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
18:00 НОВОСТИ.
18:15 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19:15 ТОК ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
22:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БОЗТОРҒАЙ»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «БАРХАТНЫЙ СЕЗОН»

**СЕЙСЕНБІ, 24 ҚАҢТАР**
05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «УӘДЕ»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ. «ПОБЕГ С ПЛАНЕТЫ ЗЕМЛЯ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
14:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «АЙНАLINE»
15:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «БАРХАТНЫЙ СЕЗОН»
17:00 ТЕЛЕВИКТОРИНА. «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
18:00 НОВОСТИ.
18:15 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19:15 ТОК ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
22:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БОЗТОРҒАЙ»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»

**СӘРСЕНБІ, 25 ҚАҢТАР**
05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «В ФОКУСЕ»
10:30 «МЕНІҢ ӨМІРІМ»
11:00 МУЛЬТСЕРИАЛ. «АЛИСА И ЛЬЮИС»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
14:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «АЙНАLINE»
15:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»
17:00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
18:00 НОВОСТИ.
18:15 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19:15 ТОК ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
22:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БОЗТОРҒАЙ»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»

**БЕЙСЕНБІ, 26 ҚАҢТАР**
05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН»
10:30 ТҰРСЫНБЕК ҚАБАТОВТЫҢ «JUP-JUBYMEN» ШОУЫ
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
14:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «АЙНАLINE»
15:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»
17:00 ТЕЛЕВИКТОРИНА. «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
18:00 НОВОСТИ.
18:15 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19:15 ТОК ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
22:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БОЗТОРҒАЙ»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»

**ЖҰМА, 27 ҚАҢТАР**
05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «ӨНЕГЕ»
10:30 МЕЙРАМБЕК БЕСБАЕВПЕН «COVERSHOW»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
14:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «АЙНАLINE»
15:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «СЕЗОН ДОЖДЕЙ»
17:00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
18:00 НОВОСТИ.
18:15 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19:15 ТОК ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ЖАЗМЫШ»
22:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «БОЗТОРҒАЙ»
23:00 МЕГАХИТ. «ПЯТНАДЦАТЬ МИНУТ ВОЙНЫ»

**СЕНБІ, 28 ҚАҢТАР**
08:00 «КӨМБЕ»
08:40 «DARYN»
09:30 «СПОРТ ӘЛЕМІ»
10:00 МЕГАХИТ. «ПЯТНАДЦАТЬ МИНУТ ВОЙНЫ»
12:00 МУЛЬТФИЛЬМ. «КОРОЛЬ САФАРИ»
13:25 МУЛЬТСЕРИАЛ. «АЛИСА И ЛЬЮИС»
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ МАРАФОНЫ. «КЕЛІНЖАН 3»
17:00 «МАСКА»
19:00 МЕЙРАМБЕК БЕСБАЕВПЕН «COVERSHOW»
21:00 АҚПАРАТ АРНАСЫ «7 КҮН» САРАПТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
21:40 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ. «БҰЛ ОСЫЛАЙ БОЛҒАН ЕДІ...»
22:15 МЕГАХИТ. «ХАОС»

**ЖЕКСЕНБІ, 29 ҚАҢТАР**
07:45 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»
08:45 «БАЛАҚАЙ»
09:30 «СПОРТ TIME»
10:00 МЕГАХИТ. «ХАОС»
12:00 МУЛЬТФИЛЬМ. «ЛОВУШКА ДЛЯ ПРИВИДЕНИЯ»
13:40 МУЛЬТСЕРИАЛ. «АЛИСА И ЛЬЮИС»
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ МАРАФОНЫ. «КЕЛІНЖАН 3»
17:30 «МАСКА»
19:30 ТҰРСЫНБЕК ҚАБАТОВТЫҢ «JUP-JUBYMEN» ШОУЫ
21:00 ИНФОРМАЦИОННЫЙ КАНАЛ - АНАЛИТИЧЕСКАЯ ПРОГРАММА «7 КҮН»
21:40 «ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ»
22:15 МЕГАХИТ. «ПУЛЯ»
00:00 «КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ»

## 31 КАНАЛ

**ПОНЕДЕЛЬНИК, 23 ЯНВАРЯ**
08:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «ПАНДА МЕН ЛУТА»
08:30 Т/СЕРИАЛ «ДАР НЕБЕС: 14 ДНЕЙ»
09:35 КҮЛІП ALL»
10:00 Т/СЕРИАЛ «ЛИСТОПАД»(ПОВТОР)
10:50 ТҰСАУКЕСЕР! «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
11:30 «31 ӘЗІЛ»
12:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «МАША И МЕДВЕДЬ»
13:30 КИНО. АНДЖЕЛИНА ДЖОЛИ В ПРИКЛЮЧЕНЧЕСОМ БОЕВИКЕ «ЛАРА КРОФТ: РАСХИТИТЕЛЬНИЦА ГРОБНИЦ 2 — КОЛЫБЕЛЬ ЖИЗНИ» (ПОВТОР)
15:40 КИНО. «РОККИ»
18:10 КИНО. ДОЛЬФ ЛУНДГРЕН, ТОНИ ДЖА В БОЕВИКЕ «РАБОТОРГОВЛЯ» (ПОВТОР)
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ЖАПЫРАҚТАР ТӨГІЛГЕНДЕ» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21:50 КИНО. ДЖЕЙК ДЖИЛЛЕНХОЛ В ФАНТАСТИЧЕСКОМ ТРИЛЛЕРЕ «ЖИВОЕ»
23:50 «31 ӘЗІЛ»
01:00 ИНДИЙСКИЙ СЕРИАЛ «АНУПАМА»

**ВТОРНИК, 24 ЯНВАРЯ**
08:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «ПАНДА МЕН ЛУТА»
08:30 Т/СЕРИАЛ «ДАР НЕБЕС: 14 ДНЕЙ»
09:35 КҮЛІП ALL»
10:00 Т/СЕРИАЛ «ЛИСТОПАД»(ПОВТОР)
10:50 ТҰСАУКЕСЕР! «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
11:30 «31 ӘЗІЛ»
12:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «МАША И МЕДВЕДЬ»
13:40 КИНО. СИЛЬВЕСТР СТАЛЛОНЕ В БОЕВИКЕ «РОККИ» (ПОВТОР)
16:10 КИНО. СТИВ МАРТИН В КОМЕДИИ «РОЗОВАЯ ПАНТЕРА»
18:00 КИНО. ДЖЕЙК ДЖИЛЛЕНХОЛ В ФАНТАСТИЧЕСКОМ ТРИЛЛЕРЕ «ЖИВОЕ» (ПОВТОР)
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ЖАПЫРАҚТАР ТӨГІЛГЕНДЕ» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21:50 КИНО. КЕЙТ БЕКИНСЕЙЛ В ТРИЛЛЕРЕ «ВАКАНСИЯ НА ЖЕРТВУ»
23:30 «31 ӘЗІЛ»
01:00 ИНДИЙСКИЙ СЕРИАЛ «АНУПАМА»

**СРЕДА, 25 ЯНВАРЯ**
08:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «ПАНДА МЕН ЛУТА»
08:30 Т/СЕРИАЛ «ДАР НЕБЕС: 14 ДНЕЙ»
09:35 КҮЛІП ALL»
10:00 Т/СЕРИАЛ «ЛИСТОПАД»(ПОВТОР)
10:50 ТҰСАУКЕСЕР! «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
11:30 «31 ӘЗІЛ»
13:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «МАША И МЕДВЕДЬ»
14:40 КИНО. СТИВ МАРТИН В КОМЕДИИ «РОЗОВАЯ ПАНТЕРА» (ПОВТОР)
16:30 КИНО. СТИВ МАРТИН В КОМЕДИИ «РОЗОВАЯ ПАНТЕРА 2»
18:20 КИНО. КЕЙТ БЕКИНСЕЙЛ В ТРИЛЛЕРЕ «ВАКАНСИЯ НА ЖЕРТВУ» (ПОВТОР)
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ЖАПЫРАҚТАР ТӨГІЛГЕНДЕ» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21:40 КИНО. ДЖЕТ ЛИ, ДЖЕЙСОН СТЭЙТЕМ В БОЕВИКЕ «ПРОТИВОСТОЯНИЕ»
23:20 «31 ӘЗІЛ»

**ЧЕТВЕРГ, 26 ЯНВАРЯ**
08:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «ПАНДА МЕН ЛУТА»
08:30 Т/СЕРИАЛ «ДАР НЕБЕС: 14 ДНЕЙ»
09:35 КҮЛІП ALL»
10:10 Т/СЕРИАЛ «ЛИСТОПАД»(ПОВТОР)
10:50 ТҰСАУКЕСЕР! «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
11:30 «31 ӘЗІЛ»
13:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «МАША И МЕДВЕДЬ»
14:30 КИНО. «РОЗОВАЯ ПАНТЕРА 2» (ПОВТОР)
16:20 КИНО. РИЗ УИЗЕРСПУН В КОМЕДИИ «МЕЖДУ НЕБОМ И ЗЕМЛЕЙ»
18:20 КИНО. ДЖЕТ ЛИ, ДЖЕЙСОН СТЭЙТЕМ В БОЕВИКЕ «ПРОТИВОСТОЯНИЕ» (ПОВТОР)
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ЖАПЫРАҚТАР ТӨГІЛГЕНДЕ» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21:55 КИНО. БРЮС УИЛЛИС В БОЕВИКЕ «ЗАЛОЖНИК»
00:00 «31 ӘЗІЛ»
01:00 ИНДИЙСКИЙ СЕРИАЛ «АНУПАМА»

**ПЯТНИЦА, 27 ЯНВАРЯ**
07:50 МУЛЬТСЕРИАЛ «ПАНДА МЕН ЛУТА»
08:30 Т/СЕРИАЛ «ДАР НЕБЕС: 14 ДНЕЙ»
09:35 КҮЛІП ALL»
10:00 Т/СЕРИАЛ «ЛИСТОПАД»(ПОВТОР)
11:00 ТҰСАУКЕСЕР! «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
11:30 «31 ӘЗІЛ»
12:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «МАША И МЕДВЕДЬ»
13:40 КИНО. РИЗ УИЗЕРСПУН В КОМЕДИИ «МЕЖДУ НЕБОМ И ЗЕМЛЕЙ» (ПОВТОР)
15:40 КИНО. «ЗАЛОЖНИК» (ПОВТОР)
17:50 КИНО. Д«СЛУЧАЙНЫЙ ШПИОН»
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ЖАПЫРАҚТАР ТӨГІЛГЕНДЕ» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21:50 КИНО. ТОМ КРУЗ В БОЕВИКЕ «ДЖЕК РИЧЕР»

**СУББОТА, 28 ЯНВАРЯ**
08:00 «КҮЛІП ALL»
09:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «МАША И МЕДВЕДЬ»
10:00 «АЛДАРАСПАН»
12:00 КИНО. «ФАРХАД ПЕН ШЫРЫН»
14:00 АНИМАЦИОННЫЙ ФИЛЬМ «ФЕРДИНАНД»
16:00 КИНО. ТОМ КРУЗ В БОЕВИКЕ «ДЖЕК РИЧЕР»
18:40 КИНО. ТОМ КРУЗ В БОЕВИКЕ «ДЖЕК РИЧЕР 2: НИКОГДА НЕ ВОЗВРАЩАЙСЯ»
21:00 КИНО. «ТОР»
23:10 «BIZDIN SHOW»
01:00 WHAT'S UP?

**ВОСКРЕСЕНЬЕ, 29 ЯНВАРЯ**
08:00 ТАМАША LIVE
09:00 «TELEBINGO» ПРЯМОЙ ЭФИР
09:30 КИНО. «ФАРХАД ПЕН ШЫРЫН» (ПОВТОР)
11:30 «31 ӘЗІЛ»
12:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «МАША И МЕДВЕДЬ»
13:00 АНИМАЦИОННЫЙ ФИЛЬМ «ФЕРДИНАНД»
15:00 КИНО. ТОМ КРУЗ В БОЕВИКЕ «ДЖЕК РИЧЕР 2: НИКОГДА НЕ ВОЗВРАЩАЙСЯ» (ПОВТОР)
17:20 КИНО. «ТОР» (ПОВТОР)
19:30 КИНО. «СПАСАТЕЛИ МАЛИБУ»
20:00 «МИЛЛИОНЕР КАЖДУЮ НЕДЕЛЮ».
20:03 КИНО. «СПАСАТЕЛИ МАЛИБУ»
22:00 «АЛДАРАСПАН»
23:00 WHAT'S UP?
00:00 «31 ӘЗІЛ»

# ЛЕГАЛИЗАЦИЯ ИНОСТРАННЫХ АВТОМОБИЛЕЙ СТАРТУЕТ В КАЗАХСТАНЕ




**Когда начнется легализация иностранных автомобилей, ввезенных в страну до 1 сентября 2022 года, сообщил на брифинге в СЦК заместитель министра внутренних дел РК Игорь Лепеха, передает корреспондент МИА «Казинформ».**

«Как вы знаете, Глава государства объявил о проведении разовой легализации иностранных автомобилей, ввезенных в страну до 1 сентября 2022 года и не прошедших государственную регистрацию в соответствии с законодательством Республики Казахстан», - сказал Игорь Лепеха.

Отмечено, что в целях исполнения данного поручения ранее были внесены необходимые законодательные изменения.

Ставка 200 тысяч тенге – Закон РК от 21 декабря 2022 года «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» - вводится в действие с 1 января 2023 года.

Отмена утильсбора – Закон РК от 30 декабря 2022 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реализации отдельных поручений Главы государства» - вводится в действие с 12 января 2023 года.

Кроме того, Правительством 11 января текущего года утверждены Правила, условия и сроки применения ставки сбора за первичную регистрацию отдельных категорий транспортных средств, ввезенных на территорию Республики Казахстан до 1 сентября 2022 года, и освобождения физических лиц, осуществивших ввоз таких транспортных средств от расширенных обязательств производителей (импортеров).

«Правила вводятся в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования, то есть, учитывая, что Правила опубликованы сегодня, они вступят в силу 23 января 2023 года (в понедельник) и с этого дня мы приступаем к легализации иностранных автомобилей», - пояснил Игорь Лепеха

Указанными Правилами установлены конкретные критерии, в каких случаях автомобили подлежат легализации с уплатой ставки сбора в размере 200 тысяч тенге и освобождения от утильсбора.

Первое – автомобиль должен быть ввезен в страну до 1 сентября 2022 года;

Второе – транспортное средство не должно находиться в розыске;

Третье – автомобиль должен быть снят с учета по месту прежней регистрации в другом государстве;

Четвертое – необходимо пройти таможенную очистку.

# УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА!

**Отдел по чрезвычайным ситуациям Астраханского района, рекомендует соблюдать следующие правила купания в праздник «Крещение Господне»:**

- окунаться (купаться) следует в специально оборудованных прорубях у берега, желательно вблизи водно-спасательных станций, под присмотром спасателей;
- такие проруби специально оборудуют на водоемах в преддверии Праздника Крещения для массового купания граждан.
- перед купанием в проруби необходимо разогреть тело, сделав разминку, пробежку;
- к проруби необходимо подходить в удобной, нескользкой и легкоснимаемой обуви или шерстяных носках, чтобы предотвратить потерю чувствительности ног.

Возможно использование специальных резиновых тапочек, которые также защищают ноги от острых камней и соли.

Идя к проруби, помните, что дорожка может быть скользкой. Идите медленно и внимательно.

Проследите за тем, чтобы лестница для спуска в воду была устойчивой. По крайней мере, для подстраховки необходимо опустить в воду край прочной толстой веревки с узлами, с тем, чтобы пловцы могли с ее помощью выйти из воды. Противоположный конец веревки должен быть надежно закреплен на берегу;

- окунаться лучше всего по шею, не замочив голову, чтобы избежать рефлекторного сужения сосудов головного мозга;

Никогда не ныряйте в прорубь вперед головой. Прыжки в воду и погружение в воду с головой не рекомендуются, так как это увеличивает потерю тепла и может привести к шоку от холода;

- при входе в воду первый раз старайтесь быстро достигнуть нужной Вам глубины, но не плавайте.

Помните, что холодная вода может вызвать совершенно нормальное безопасное учащенное дыхание, как только ваше тело приспособилось к холоду;

- не рекомендуется находиться в проруби более 1 минуты во избежание общего переохлаждения организма;

**ПРОТИВОПОКАЗАНИЯ К КУПАНИЮ В ПРОРУБИ:**

**СЛУЖБА 101 ИНФОРМИРУЕТ**

*зимнее плавание противопоказано людям при следующих заболеваниях:*

- сердечно-сосудистой системы (врожденные и приобретенные пороки клапанов сердца, ишемическая болезнь сердца с приступами стенокардии; перенесенный инфаркт миокарда, коронаро-кардиосклероз, гипертоническая болезнь II и III стадии);
- центральной нервной системы (эпилепсия, последствия тяжелых травм черепа, склероз сосудов головного мозга в выраженной стадии, сирингомиелия; энцефалит, арахноидит);
- органов зрения (глаукома, конъюнктивит);
- органов дыхания (туберкулез легких - активный и в стадии осложнений, воспаление легких, бронхиальная астма, эмфизема);
- кожно-венерические заболевания.

Места купания населения в период празднования православного праздника Крещения Господня должны быть специально оборудованы, иметь приспособления для схода и выхода из воды. Глубина проруби не должна превышать 1,5 метра. Дно проруби должно иметь ровную и гладкую песчаную поверхность.

Категорически запрещается купаться в нетрезвом виде.

**РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОБОРУДОВАНИЮ МЕСТ КУПЕЛИ:**

- предлагаемые параметры купели (проруби):
- ширина проруби – не менее 2 метров;
- длина проруби – не менее 3 – 3,5 метров;
- толщина льда на площадке у проруби, по дорожкам к проруби должна быть не менее 35 – 40 сантиметров;
- купель (прорубь) огородить с трех сторон и оборудовать деревянными сходнями до дна, а подо льдом купель огородить со всех сторон, чтобы человека не затянуло под лед.

На берегу водоема установить крытые места для переодевания и обогрева людей.

**Отдел по чрезвычайным ситуациям Астраханского района.**

# Поздравляем юбиляров и именинников!



От всей души сердечно поздравляем с 92-летием **Бычкову Марию Васильевну** из села Жалтыр.

Сердечно поздравляем с 85-летием **Устьянцева Анатолия Алексеевича** из села Новый Колутон.

От всей души с 81-летием поздравляем **Абуқызы Мұңлық** из села Астраханка.

С 75-летием поздравляем **Туникову Тамару Павловну** из села Жалтыр

С 70-летним юбилеем поздравляем **Гасюк Ольгу Петровну, Никишину Лидию Александровну, Гуленкова Александра Васильевича** из села Астраханка, **Лопатина Михаила Вениаминовича** из села Степное, **Манель Леониду Николаевну** из села Первомайка.

Сердечно поздравляем с 67-летием **Избасарову Гульнару Абдукапаровну** - председателя Совета ветеранов Узункольского сельского округа.

Сердечно поздравляем с 65-летием **Москаленко Валентину Александровну** из села Старый Колутон, **Осадчего Виктора Викторовича, Яблокова Александра Вениаминовича** из села Жалтыр, **Островскую Людмилу Владимировну** из села Камышенка.

Поздравляем с днём рождения воина-интернационалиста, участника Афганской войны **Максименко Николая Владимировича** из села Жалтыр.

***Желаем вам крепкого здоровья, добра, тепла, любви и заботы родных и близких, уюта и благополучия в ваших домах!***

**Районный совет ветеранов**

**Узункольский сельский округ поздравляет с 65-летием Аствацатрян Мархамат Ибрагимовну и с днем рождения Избасарову Марию Рахимберлиевну, Диденко Тамару Васильевну!**



Вас спешим поздравить нынче
С днем рожденья, от души
Счастье пусть поет вам песню
В мирной жизненной тиши.
Пусть горит очаг семейный
Будут радость и покой.
А проблемы и невзгоды
Вы гоните прочь долой.



**С\ув Узункольский Совет ветеранов.**

**Ақылбаев Ғаділбек Аманжолұлын 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!**



Елу деген толы той мен думанға,
Тау секілді көрінеді тұлған да.
Құшақ-құшақ гүлін алып келіпті,
Ақ көңілмен бауыр, туыс-туған да.
Елу деген – ес тоқтату, есею,
Елу деген – елдің жүгін көтеру.
Туған күнмен құттықтаймыз өзіңді,
Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.



**Ізгі тілекпен: ата-анаңыз,бауырларыңыз және келіндеріңіз**


**УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ ГАЗЕТЫ МАЯК!**



**Продолжается подписка на 2023 год**

**Подписная цена –**
**4000 тенге - на 12 месяцев**
**2000 тенге - на 6 месяцев**

***ПОДПИСКА В РЕДАКЦИИ И В ОТДЕЛЕНИИ КАЗПОЧТЫ***
**ИНДЕКС 66811**


# ДҰҒАҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Ардақты әке, атамыз Исимов Қайыргелды Қабиұлының 40 күндік дұға дастарханымызға шақырамыз.

Ас 2023 жылдың **28 қаңтарында сағат 12.00-де беріледі**. Мекен-жайымыз Астрахан ауылы **«Сара Лайф» мейрамханасы**.

**Исимовтар әулеті**

***После смерти гр.Шалтаева Амангали Айтбаевича, умершего 21.07.2022года, открылось наследство. Наследников умершего прошу обратиться в срок до21.01.2023 года к нотариусу Елеуповой А.Н, по адресу: Акмолинская область, с. Астраханка, ул. Аль-Фараби, 51/2. Телефон(871641 ) 2 -33-32 или 8 701 525 08 35, 8 771 832 50 99.***

***После смерти гр. Борис Владимира Владимировича, умершего 02.12.2022года, открылось наследство. Наследников умершего прошу обратиться в срок до02.06.2023 года к нотариусу Елеуповой А.Н, по адресу: Акмолинская область, с. Астраханка, ул. Аль-Фараби, 51/2. Телефон(871641 ) 2 -33-32 или 8 701 525 08 35, 8 771 832 50 99.***

Тобылжан ауылының тұрғыны, еңбек және тыл ардагері
**ОСПАНОВА ДАМЕШТІҢ**
қайтыс болуына байланысты балаларына, туған туыстарына көңіл айтамыз.
**Астрахан ауданының ардагерлер кеңесі.**


Газет «Астрахан аудандық «Маяк» газеті» ЖШС-де теріліп, беттеліп, «Медиа-холдинг» ЖШС-де басылып шығарылған, 010000 Қазақстан, Астана қаласы, Силети, 30. ЖШС-нің тіркеу куәлігі 5485-1902. 2012 жылдың 6 қаңтарында Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат министрлігінің ақпарат және архивтер комитетінде тіркелген. №12353-Г тіркеу куәлігі. Таралымы 1000. Индекс 66811.

Собственник: ТОО «Астраханская районная газета «Маяк»

Издается при поддержке акима района, районного маслихата

Директор - редактор
Арман Жапаров
8 705 383 37 39
2-21-73

Корреспондент
бухгалтерия
прием рекламы
2-36-93

Газета набрана и сверстана в ТОО «Астраханская районная газета «Маяк», отпечатана в ТОО «Медиа-холдинг» 010000, Казахстан, г. Астана, ул. Силети, 30. Регистрационное свидетельство 5485-1902-ТОО. Зарегистрирована в Комитете информации и архивов Министерства связи и информации Республики Казахстан 6.01.2012 г. Регистрационное свидетельство №12353-Г. Тираж 1000. Индекс 66811.

Рукописи не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за достоверность фактов несут авторы, за содержание рекламы - рекламодатели. Точка зрения авторов и мнение редакции могут не совпадать

НАШ АДРЕС
020300
с. Астраханка,
ул. Аль-Фараби, 71

Электронная почта
astrmayak@mail.ru